**ЦИКЛОГРАММА**

***Бірінші апта (5-09 ақпан 2018 ж.)***

**№12 «Бәйтерек» бөбек-бақшасы «Гүлдер» ортаңғы топ**

**Өтпелі тақырып : «Бізді қоршаған әлем»**

**Тақырыпша: Ғажайыптар әлемі (өлі табиғат құбылыстары)**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** **Таңертеңгі гимнастика (5 мин)** | Үстел-үсті ойыны: «Дене мүшелері» Мақсаты:Балалар өз дене мүшелерін танып аттарын атай білу. | Қ/О: «Түлкі тауық қорада» **Мақсаты**:Балаларды ептілікке, рөльдерін сомдай білуге үйрету.Ойынға деген қызығушылығын арттыру. | Фотосуреттер қарастыру «Дене мүшелері». Фотосуретте бейнеленген дене мүшелерін атау. | Үстел-үсті ойыны: «Менің досым» **Мақсаты:** Балаларды санамақ таяқшаларынан адамның бейнесін құрастыру. | Қ/О: «Тышқандар» **Мақсаты:** Ойын барысында өлең жолдарын мәнерлеп нақышына келтіре айтуға баулу. |
| | **Қапшықпен орындалатын жаттығу** | | | | |
| **Таңғы ас** | Ойын- жаттығу: Мөлдір, мөлдір су, су бетімді жу. | | | | |
| **Ойындар,Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | «Қыс мезгілі» **Мақсаты:** Балалардың маусымдық өзгерістерде қарапайым байланыс орната білуге үйрету | «Дені саудың жаны сау» **Мақсаты:** балаларға денсаулықтың кепілі спорт екенін түсіндіру. | «Дене мүшелері» **Мақсаты:** балаларға дене мүшелерінің пайдасы мен қызметтері туралы әңмелесу. | Қ/О: «Ұшақтар» **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдылыққа тәрбиелей отырып, ойынға деген қызығушылығын арттыру. | Ауада сурет салу **Мақсаты:** Балаларды алдын ала сурет салуға дайындау. Саусақтары арқылы ауада сурет салуға жаттықтыру. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** 1. Шашырап жүру және жүгіру. Допты жоғары лақтыру, еденге ұру және оны екі қолымен қағып алу. Гимнастикалық қабырғадан кезектескен қадаммен өрмелеу.<br>**2.Жаратылыстану.**<br>**Мақсаты:**<br>Табиғат құбылыстары туралы түсініктерін қалыптастыру. Өлі табиғат нысандары туралы білімдерін байыту.<br>**3. Музыка**<br>**Мақсаты:**<br>Табиғаттағы судың айналымы туралы білім беру. Тәжірибе арқылы судың қасиетімен таныстыру. | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты** Қалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>Гимнастикалық қабырғадан кезектескен қадаммен өрмелеу. Бір-бірінен қашық қойылған үрленген 5-6 доп арқылы кезекпен, қолдың түрлі қалпымен аттап өту.<br>**2.Құрастыру.**<br>**Мақсаты:**<br>Шығармашылық қиялдауды дамыту. Көрнекілікке сүйене отырып электроника заттарын жасау. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**3.Вариативтік компонент.**<br>**Мақсаты:** | **1.ҚМҰҚ.**<br>**Мақсаты:** Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтай білу, заттарды оң қолымен солдан оңға қарай орналастыру, өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атау (бас, аяқтар, қолдар). 3 санымен таныстыруды<br>**2.Музыка**<br>**Мақсаты:** Табиғаттағы судың айналымы туралы білім беру. Тәжірибе арқылы судың қасиетімен таныстыру.<br>Әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Тембрлік есту қабілетін дамыту. | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Сапта тапсырманы орындай отырып, жүру және жүгіру. Бір-бірінен қашық қойылған үрленген 5-6 доп арқылы кезекпен, қолдың түрлі қалпымен аттап өту. Берілген бағытта допты домалату, допты қақпаға домалату..<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Мақсаты** Зат есімдер мен сын есімдерді байланыстырып айта білу дағдыларын дамыту. Табиғат құбылыстары түсінік беру.<br>**3.Мүсіндеу**<br>**Мақсаты**: Бірнеше бөліктерден тұратын заттарды мүсіндеуге, оларды дұрыс біріктіріп, негізгі | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Мақсаты:** Үлгі бойынша бейнелік сипатты әңгіме құруға үйрету. Әңгімелеу барысында сын есімдер мен етістіктерді қолдана білуге үйретуді жалғастыру.<br>**2.Сурет салу**<br>**Мақсаты:**<br>Ағаштардың ерекшеліктерін ескере отырып, салуға үйрету. Сурет салудың техникалық дағдыларын жетілдіру. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Тембрлік есту қабілетін дамыту. | | | бөлігіне қысу арқылы дұрыс қосуға үйрету. | **3.Вариативтік компонент Мақсаты:** ) Күшік пен мысыпен таныстыу ә) Қазақ халқының өлшемдерімен өлшеу арқылы баланың танымдық қабілетін дамыту. б) Дұрыс өлшей білуге тәрбиелеу. |
| **Серуен:** | Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.<br>**13. Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай?**<br>**Бақылау.**<br>Қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аудару.<br>Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. Балаларды табиғатты сүюге үйрету. Олардың өз сөзінен алған әсерлерін айтуға үйрету.<br>**Мақал-мәтел.**<br>Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады.<br>**«Ақ аю» (ойын)**<br>Әртүрлі бағытта балаларды жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету.<br>**Еңбектену бағытында.**<br>Бұтақтарды қардан сілкіп тазарту.Қай ағаш жасырынды, соны тап. Балаларға ағаштардың әртүрлі екендігін ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту. | | | | |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті . | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі. | | | | |
| **Сон** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.<br>Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау.<br>**Ойын- жаттығу :**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаңсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың. | | | | |
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет** | Сюжетті-рөлдік ойын «Дүкенші» «Дені саудың жаны сау» және тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. | Сюжетті-рөлдік ойын «Қуыршақты тамақтандыр» Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар. | Сюжетті-рөлдік ойын «Шаштараз» Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар. | Сюжетті-рөлдік ойын «Отбасы» Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б. | Сюжеттік рөлді ойын «Айгерімге қонаққа барамыз» Балалардың қонақжайлық туралы білімдерін бекіту |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Басқа қап киіп, заттарды аттап өту. | Заттарды оң қолымен солдан оңға қарай орналастыру | Допты лақтыру және қағып алу, допты дұрыс лақтыру және өзіне қыспай қағып алу | Түстерді атау.Менің сүйікті түсім. | Каринамен саусақпен сурет салу |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: серуенге шығу. | | | | |
| **Серуен** | Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: «Біз деніміз сау болуы үшін, ауырмау үшін не істеуіміз керек?», « Кім дене мүшелерін толық атап береді?» | | | | |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». | Психологтің кеңесі::«Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет. | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». | Балалардың қатысымы жөнінде айту |

Тексерілді: [signature]

Scanned by TapScanner